

ӘЛЕУЖЕЛІДЕГІ ӨШПЕНДІЛІК

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТЕЛЕФОННАН БАС ТАРТА МА?

7-БЕТ | БІЛІМ



АСТАНАЛЫҚТАР – АЙТЫС ЖЕҢІМПАЗЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал. Сондықтан инженерлерге, геологтарға, кен орнын игеруші мамандарға, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласының қызметкерлеріне, ғалымдар мен өнертапқыштарға берілетін құрметті атақтар мемлекеттік марапаттар санатына қосылады.

№135
(4723)
Сейсенбі
12 қараша
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ



Астанада қар тазалау науқаны басталды. Қарашаның ортасына жетпей қалың қар түсті. Қаланың коммуналдық қызметкерлері тәулік бойы күшейтілген режимде көшелерді қардан тазарту жұмысына кірісті.

3

ҚАРАШАДА ҚАР ҚАЛЫҢ

СТУДЕНТТЕРГЕ ЖҰМЫС ҰСЫНДЫ

Елордада студент жастарға арналған кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының «Астана жастары» жастар ресурсы орталығының қалалық еңбек ұтқырлығы орталығы мен жоғары оқу орындарымен бірлесіп ұйымдастырған жәрмеңкеге 500-ге жуық студент қатысты.



Жәрмеңкеде 50-ден астам ұйым – мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық кәсіпорындар өздеріндегі бос орындарын ұсынды. Бұл биыл бесінші рет ұйымдастырылған жәрмеңке болды. Ұйымдастырушылар жыл соңына дейін елордада студенттерге арналған тағы бір жәрмеңке өтетінін айтты.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ТҰРАҚТЫ ӨТЕДІ

Үкімет 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын бекітті.

Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы экологиялық мәдениетті дамытудың әртүрлі әдіс-тәсілін қамтитын кешенді әдісті қарастырады. Негізгі бағыттар экологиялық ойлауды қалыптастыруды, жауапты мінез-құлықты дамыту және оны ынталандыру шараларын, экологиялық білім беру мен ақпараттандыруды қамтиды.

«Тұжырымдаманы іске асыру қоғамдық орындарда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын дамытуды, экологиялық қауіпсіз тәжірибелерді енгізуді және қоршаған ортаны ластауға «нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыруды көздейді» делінген хабарламада.

Сондай-ақ құжатта тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.




Бразилияда шахматтан өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Астана қаласы №70 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Алдияр Аңсат күміс жүлдегер атанды.

Әлем чемпионатында 60-тан аса мемлекеттен 93 жасөспірім жарысқа түсті. Ең үздік шахматшылар сайысында астаналық оқушы жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің көк туын желбіретті. Алдияр Аңсат өткен жылы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына алғаш рет қатысып, қола медаль алған еді.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



№135 (4723) 12/11/2024 Сейсенбі



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Президенті Анджей Дудаға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Анджей Дуданы Польша Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Президент жеделхатында Қазақстан мен Польша арасындағы байланыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, өзара ықпалдастық екі елдің игілігі үшін одан әрі нығая беретініне сенім білдірген. Қасым-Жомарт Тоқаев Анджей Дуда мен Польша халқына құт-береке тіледі.

ЖЕРГІЛІКТІ РЕФЕРЕНДУМ ИНСТИТУТЫ КЕРЕК ПЕ?

Мәжілістің жанынан құрылған Қоғамдық палатаның кезекті отырысы өтті. Оған Қоғамдық палата төрағасы Айдос Сарым жетекшілік етіп, Мәжіліс вице-спикерлері Альберт Рау мен Дания Еспаева қатысты.



Отырыста еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру және сайланған аудан, ауыл округтері әкімдерінің жұмыс тәжірибесі талқыланды. Жиынға Қоғамдық палата мүшелерімен қатар Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен жауапты қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, сарапшылар қатысты.

Отырысты ашқан Айдос Сарым Қоғамдық палатаның VIII шақырылымдағы алғашқы отырысында Мәжіліске Үкімет енгізген жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасының қаралғанын еске салды.

«Кеңестердің функциясы мен қалыптасу механизмдері, құқықтық мәртебесі және басқа да мәселелер төңірегінде үлкен талқылау болды. Депутаттардың, қоғам белсенділерінің және Қоғамдық палата мүшелерінің сыни пікірлерінен кейін заң жобасы кері қайтарылған болатын. Дегенмен бұл саладағы заңнаманы реформалау мәселесі әлі де өзекті болып тұр» деді Айдос Сарым.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытындағы Үкімет шаралары туралы Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков баяндама жасады. Ол өткен жылы 42 аудан мен облыстық маңызы бар 3 қала әкімдерін пилоттық негізде сайлау жүргізілгенін айтты. 2025 жылдан бастап бұл әкімдер тек сайлау арқылы тағайындалады. Сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жалғасуда. Өткен науқандар сайлау жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты ауылдық округ әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейтетін заң жобалары әзірленген.

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева, Қоғамдық палата төрағасының орынбасары Светлана Романовская және басқа да қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті. «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев қазақстандықтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу түрлеріне тоқталып, оның қазіргі жай-күйі мен болашағы туралы сөз қозғады. Ол жергілікті деңгейдегі маңызды мәселелерді шешу үшін қала және ауыл тұрғындарының қатысуымен жергілікті референдумдар өткізуді ұсынды.

«Қазіргі уақытта біз республикалық референдум институтының жандана бастағанын байқап отырмыз. 2022 жылы Мемлекет басшысы жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау туралы тапсырма бергенде Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясын ратификациялауды ұсынды. Егер оны жүзеге асыру мүмкін болмаса, оны үлгі ретінде қабылдап, жергілікті референдум институтын енгізу қажет» деді А.Чеботарев.

Сондай-ақ ол аудандардың, қалалар мен ауылдық елді мекендердің даму жоспарлары мен бюджеттері бойынша жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер бірлесіп ашық тыңдаулар өткізуі қажет деген ұсыныс айтты.

Айдос Сарым күн тәртібіндегі екінші тақырып жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерімен тығыз байланысты екенін атап өтті. Соңғы жылдары әкімдерді сайлауға бағытталған жүйелі қадамдар жасалып жатыр. Бұл үдерісте алғашқы тәжірибе де бар, оны бағалап, сараптау қажет. Өңір тұрғындары сайлаған Атырау облысы Исатай ауданы Қамысқала ауылдық округінің әкімі Рафиғат Тәжіденова мен Ақмола облысы Атбасар ауданы Полтава ауылдық округінің әкімі Гүзель Байтурова өз тәжірибелерімен бөлісті.

«2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда төртінші деңгейдегі бюджет енгізілді. Алайда қаражат әлі де жеткіліксіз, ал аудандық субвенциялар мен трансферттер халықтың барлық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Көптеген жұмыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен тегін меморандумдар жасау арқылы жүзеге асырылады. Мен ауылдардағы өмір сапасын жақсартып, инфрақұрылымды дамыту үшін салық түсімдерін көбейту қажет деп санаймын» деді Г.Байтурова.

АЛАШТЫҢ АҚҰШТАБЫН АРДАҚТАДЫ

Астанада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығы және «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері Ақұштап Бақтыгереевaның 80 жылдық мерейтойына арналған іс-шара өтті.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, оған ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің төағасы Ерлан Қошанов, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысты. Іс-шарада Аида Балаева Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.



«Халқымыз өзіңізді мәдениетіміз бен өнеріміздің өркендетуге үлес қосып келе жатқан қарымды қаламгер, көрнекті қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Еңбек жолында бірқатар отандық газет-журнал мен баспада жемісті жұмыс істеп, ұлттық әдебиетіміздің ілгері басуына күш-қайратыңызды жұмсадыңыз. Қазақ поэзиясына өзіндік өрнегіңізбен келіп, айшықты ойлар мен айрықша дара шумақтарыңызбен таныдыңыз. Еліміздің мәртебесін асқақтатқан тәуелсіздік пен бейбіт өмірді және табиғат сұлулығын арқау еткен жалынды жырларыңызды талғамы биік оқырман жылы қабыл алды. Сонымен қатар, отбасы құндылықтары, қыз баланың тәрбиесі, ананың қоғамдағы рөлі туралы пайымды пікірлеріңіз қолдау тауып келеді. Алдағы уақытта ел-жұрттың ортасында сый-құрметке бөленіп, шығармашылық ізденістеріңіз табысты бола беруіне тілектеспін. Сізге мықты денсаулық және отбасыңызға бақ-береке тілеймін!» делінген құттықтау хатта.

Өз сөзінде Аида Балаева ақынды мерейлі жасымен құттықтап, қаламгер шығармашылығының ұрпақ тәрбиесі, жастардың бойына рухани құндылықтарды сіңіруге зор үлес қосқанын атап өтті.

«Президент атап өткендей, қазақ әдебиетінде Ақұштап Бақтыгереевaның өзіндік өрнегі, орны бөлек. Себебі ақын апамыздың өлеңдері әр қазақтың жүрегіне жақын. Оның поэзиясы ерекше сыршылдықпен, сезімталдықпен өрілген. Қаламгердің қазақ әйелі бейнесін асқақтатқан бірегей туындыларын ерекше атап өткім келеді. Ел анасы, ұлт тәрбиесінің жанашыры ретінде құндылықтарымызды қастерлеуге, қазақ қыздарына парасат пен тәрбие нәрін сіңіруге зор үлес қосып келеді» деді А.Балаева.

Сондай-ақ министр мерейтойға орай түрлі іс-шаралар, әдеби кештер ұйымдастырылып жатқанын айтты. Атап айтсақ, ақын мерейтойына орай Қазақ ұлттық өнер университетінде әдеби-сазды кеш болып өтті, Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Батыс Қазақстан облыстық Хадиша Бөкеева атындағы қазақ драма театры Ақұштап Бақтыгереева мен драматург Мәдина Омарованың сценариімен әзірленген «Жұбан» поэтикалық драмасы сахналанды.

«Бұл қойылым – Ақұштап апамыздың қайраткер ақын Жұбан Молдағалиевке арнаған жырларының жиынтық нұсқасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тарихымызға қатысты атаулы даталар мен белгілі тұлғаларымыздың мерейтойын жоғары деңгейде атап өту ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы маңызды қадам екенін үнемі айтып келеді. Осы орайда қазақ әдебиеті мен руханиятын дамытуға үлкен үлес қосқан қаламгердің шығармашылығын дәріптеу ерекше мәнге ие» деп жазды Мәулен Әшімбаев әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ұлттық академиялық кітапханада «Алаштың Ақұштабы» атты әдеби кеш өтті. Кездесуде ақынның «Менің Фаризам» атты жаңа кітабының тұсауы кесілді. Ақын бұл кітабында қазақ әйелдері арасынан шыққан бірегей қаламгер Фариза Оңғарсынованың өмір жолы туралы сыр шертеді. Сонымен қатар Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Ақұштап Бақтыгереевaның оқырмандармен кездесуі ұйымдастырылды.

АСТАНАДА КЕЗДЕСУ ӨТЕДІ

Астанада Сирия мәселесі бойынша 22-халықаралық кездесуі өтті. Оған Сирия үкіметі мен Сирия оппозициясының өкілдері, сондай-ақ кепіл елдер ретінде Ресей, Түркия және Иранның делегаттары қатысты.

Жиында БҰҰ, Иордания, Ливан және Ирак делегаттары бақылаушы болды. Кездесуде кепілге алынғандарды босату және із-түзсіз жоғалғандарды іздеу, гуманитарлық жағдай, босқындарды қайтару сынды тақырыптар талқылануда. Басқосу екі күнге дейін жалғасады.

МОТОЦИКЛМЕН КІРУ ТЕГІН БОЛА МА?

Экология және табиғи ресурстар министрлігі өзінің қарамағындағы заңды тұлға мәртебесіндегі республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшеріне өзгерістер енгізді. Мемлекеттік табиғи ұлттық саябақтар мен қорықтарға мотоциклдер, мопедтер, квадроциклдердің кіргені үшін алымдарды алып тастау ұсынылып отыр.

Түсіндірме жазбада көрсетілгендей, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңның 38-бабының 1-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мекемелердің табиғатты қорғау қорлары аумаққа автокөлік құралының кіргені үшін алым алу арқылы ғана қалыптастырылады.

«Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді. Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларды болжамайды» делінген бұйрық жобасына қоса берілген құжатта.

Мәселен, осыған дейін Алматы, Ақсу-Жабағылы, Батыс Алтай, Қорғалжын қорықтарында қызметтер үшін тарифтердің мөлшерінде мотоциклдер, мопедтер, квадроциклдердің кіргені үшін 0,4 АЕК алым белгіленген еді. Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде бұл тариф мөлшері 0,3 АЕК-ті құрады. Құжатты жария талқылау Ашық НҚА порталында 22 қарашаға дейін жалғасады.

№135 (4723) 12/11/2024 Сейсенбі

ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРҚЫНДЫ

Қарашаның алғашқы аптасы басталысымен ауа райы күрт бұзылып, алғашында боран, жауын-шашыннан басталған күн райы апта соңында алғашқы қар жауғызып тынды. Бұрқасын боран, қатты аяз болмағанмен, ақырындап жауған қар аяқ алып жүргісіз дәрежеде тәулік бойы толассыз жауып тұрды.



Ауа райының қолайсыздығына алдын ала дайындалған 1300-ден астам арнайы техника көшелердің қарын тазалауға бірден кірісіп кетті. Сондай-ақ қар жауғаннан бастап елорданың коммуналдық қызметкерлері тәулік бойы ауысымдық режимде жұмыс істеп, қала көшелерін қардан тазартып жатыр.

Қазіргі таңда 1300-ден астам арнайы техника мен 2400-ден астам жол жұмысшысының тынымсыз істеп жатқан еңбегінің нәтижесінде қалада кептеліс болмай, барлық бағыттағы жол ашық тұр. Сондай-ақ орташа қарқындылығы бар учаскелер – алаңдар, вокзал маңы, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. қардан тазартылуда.

Астана қаласы коммуналдық қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында бір апта ішінде қаладан 57 мың текше метрден астам қар шығарылған. Яғни бұл 4595 жүк рейсін құрайды.

– Биыл қар жылдағыдан ерте түсті әрі бір-ақ күнде қаламызды қалың қар қымтап қалды. Бірақ қалың қардың кесірінен кептеліс болып жұмысқа кешігеміз бе деп ойлап едім. Жолдардың бәрін тазалап жатыр екен. Сондықтан тұрғындардың жүріп-тұруына қанша қалың жауғанмен қардан келер қайшылық жоқ сияқты. Бір жағынан қардың қалың жауғаны да жақсы ғой. Кеше кешке ауламыздағы балалар қардан бала жасап мәз болды. Қарап тұрсаңыз, бұл да бір қаланың көркі іспетті. Ал осындай қалың қар жауған кезде көшелерді тазалап тыным таппай жатқан жұмысшыларға алғыстан басқа айтарым жоқ. Күнделікті ауа райының қолайсыздығынан алдын ала мәлімет беріп, телефонымызға үздіксіз хабарлама жіберіп тұратын «Қазгидромет» қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін, – дейді қала тұрғыны Сәуле Сағымбек.

ҒАЛЫМ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

Астанада фарабитанушы ғалым Ақжан әл-Машаниге арналған «Рухани мұра және қазіргі ғылым» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараны Білім басқармасының қолдауымен Әдістемелік орталық, Ақжан әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицей, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бірлесіп ұйымдастырды.



Индира БЕРЖАНОВА

Конференция барысында қазақтың тұңғыш фарабитанушысы Ақжан әл-Машаниге арналған мұражай салтанатты түрде ашылды. Оған Парламент депутаттары, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің мәдени істер жөніндегі кеңесшісі Әли Әкбар Талеби Матин арнайы шақырылып, ғұлама ғалымның өмір арнасынан сыр шертетін тағылымға толы ғұмырын насихаттап, құнды естеліктермен бөлісті.

– Ақжан әл-Машанидің еңбектерін әлі де насихаттауымыз қажет. Алдағы жылы ғалымның 120 жылдық мерейтойы аталып өтеді. Оны кең ауқымда ұйымдастырып, жас ғалымдарды тәрбиелеуге ықпал ету – негізгі мақсатымыз, – деді Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Бекділдаұлы.

Алғаш рет ғалымның аты берілген елордалық №92 мектеп-лицейде жас ғалымдар көбейіп келе жатқаны көпшілікті тәнті етті. Екі бөлімнен тұратын жиында Машани оқуларын жыл сайын өткізуді рәсімге айналдыру, Ақжан әл-Машанидің қаламынан туындаған 23 қолжазбаны жаңа теориялық-методологиялық тұрғыда зерттеп, ғылыми еңбектер дайындау, Ақжан әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейінің үздік оқушыларына «Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани» атындағы шәкіртақыны тағайындау, мектеп бағдарламасына 5-11-сыныптарға арналған «машанитану» таңдау пәнін енгізу сияқты ұсыныстар айтылды.

ЖҮГІРУГЕ АУА РАЙЫ КЕДЕРГІ ЕМЕС

10 қараша күні Астана қаласында «Jeniske birge jugir» бұқаралық жүгірісі ұйымдастырылды. Қала әкімдігінің ұйытқы болуымен Ботаникалық саябақта өткен іс-шараға 1200 әуесқой жүгіруші қатысты.

Бұқаралық жүгіру шарасы – қала тұрғындарын ең көп жинайтын спорттың бірі. Бұл сияқты тұрақты түрде өтіп келетін жүгірістерге уақыт өткен сайын адам қарасы артуда.

«Қандай мезгіл болмасын спорт жүгірісін тоқтатпаймыз. 16 қараша күні «Отбасы марафоны» ұйымдастырылса, 21 қарашада түнгі жүгіріс жоспарланған. Желтоқсан айында да тұрғындарды бірнеше ірі жарыс күтіп тұр. Нақтырақ айтсақ, 8 желтоқсан күні Триатлон саябағында «Astana run», желтоқсан айының ортасында жыл сайынғы «Qysqy jugiru» жарысы және 31 желтоқсан күні Ботаникалық саябақта жаңа жылдық кешкі мерекелік бұқаралық жүгіру өтеді. Жүгіруге деген қызығушылықтың арқасында шаралардың саны артып жатыр» деді жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин.

Жүгіріске жиналған қатысушылардың ең жасы 11-де болса, ең егдесі 65-те. Әуесқой жүгірушілер 4 шақырымды еңсеріп қана қоймай, арнайы естелік медаль алды.

«Көпшілік үшін күн салқын болса да, мен футболкамен жүгіре беремін. Неге? Себебі біз «Бодрость» морж клубының мүшесіміз. Арнайы суықта жүгіріп, суға түсуге денеміз шыныққан. Мысалы, 2021 жылы -27 градуста 21 шақырым қашықтықты еш киімсіз 1 сағат 48 минутта бағындырдым. Нәтижесінде Қазақстанның Гиннесс рекордтар кітабына кірдім. Баршаңызды қандай спорт болса да айналысуға шақырамын. Ауырмаңыздар!» деді Руслан Мәмбетов дейтін қатысушы.

Жарыс соңында iPhone 15 Pro смартфоны мен 5 велосипед лотерея арқылы ойнатылды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



Астана қалалық мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына кандидаттарды тіркеу туралы Астана қаласы округ сайлау комиссиясының 2024 жылғы 8 желтоқсанға белгіленген сайлау ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарастырып, Астана қалалық мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына Астана қаласы округ сайлау комиссиясы мынадай кандидаттарды тіркеді:

Разбекова Ляззат Мұратқызы – 1974 жылы туған, Астана қалалық «Технологиялық колледж» директоры, Астана қаласында тұрады;

Беріков Мұратбек Берікбекұлы – 1980 жылы туған, «AutoTrans KZ» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

Нұрланов Атақозы Қелденұлы – 1966 жылы туған, «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және халыққа қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары, Астана қаласында тұрады;

Қиялов Жомарт Мұратбекұлы – 1966 жылы туған, «Елордалық азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы, Астана қаласында тұрады;

Разинков Александр Александрович – 1982 жылы туған, «Vista Company 2010» ЖШС бас директоры, Астана қаласында тұрады.

Астана қаласы № 6 округ сайлау комиссиясы

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Кеше Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында «Интернет-алаяқтыққа қарсы күрес және оның алдын алу шаралары» туралы баспасөз мәслихаты өтті. Күн тәртібіндегі мәселемен қалалық Полиция департаменті криминалдық полиция басқармасының бастығы Дастан Қалиев таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Елімізде цифрландыру көптен бері жаппай сипатқа ие болды. Мәмілелер, ақшалай қаражаттарды сатып алу, аудару, мемлекеттік қызметтерді алу және осындай тағы да басқа операциялар қашықтан жасалуда. Осы орайда алаяқтар ақпарат технологияларының мүмкіндігін өз айласын асыру үшін кеңінен қолдануда» деді Дастан Қалиев.

Оның айтуынша, осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша елорда аумағында 4100-ден астам интернет-алаяқтық тіркелді. Соның 730-ы ашылып, сот органдарына жіберілді. Жалпы алғанда, 120-дан астам адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, басқа да фактілер бойынша тергеу әрекеті жалғасуда. Тергеумен қатар, құқық бұзушылықтың аталған түрінің жолын кесуге және алдын алуға бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілуде.

«Халық арасында қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында біз қала өмірінің әртүрлі саласында дәріс сабақтарын өткіземіз. Онда алаяқтар пайдаланатын әдістер мен тәсілдер егжей-тегжейлі ашылады, сондай-ақ негізгі сақтық шаралары жеткізіледі. Адамдар көп шоғырланатын жерлерде профилактикалық сипаттағы үгіт-насихат жұмысы жүргізіледі, жадынамалар мен буклеттер және аудио-бейне материалдар таратылады. Интернет-алаяқтықтың алдын алуда, қажетті және пайдалы ақпаратты тарату бөлігінде маңызды рөлді блогерлер, медиа тұлғалар, сондай-ақ кәсіпкерлер мен еріктілер қозғалыстары атқарады. Кеңірек хабардар болу үшін республикалық теле-радиоарналарда, жаңалықтар порталдарында, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде ескерту сипатындағы материалдарды жариялау және тарату жүзеге асырылады. Заңсыз контентті анықтау мақсатында интернет желісіне мониторинг жүргізіледі, жалған хабарландырулар, алаяқтардың аккаунттары және басқа да заңсыз сайттар бұғатталады. Көрсетілген кезеңде 900-ден астам түрлі мазмұн бұғаттауға бағытталған» дейді Дастан Габдурахимұлы.

Спикер алаяқтардың негізгі қолданылатын әдістерін атап өтті.

Біріншісі – банктердің немесе құқық қорғау органдарының қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің атынан қоңырау соғу. Бұл әдісті алаяқтар күмәнді банктік транзакциялар немесе алаяқтарды ұстау мақсатында арнайы операциялар жүргізу сылтауымен жаңылыстыру үшін пайдаланады.

Екіншісі – онлайн сатып алу. Бұл әдісті алаяқтар әртүрлі сауда алаңында және әлеуметтік желілерде жоқ тауарлар мен қызметтерді сату кезінде қолданады.

Үшіншісі – фишингтік сайттарды пайдалану. Алаяқтықтың бұл түрі дербес деректер мен банктік мәліметтерді жинауға бағытталған. Мұндай сайттар мен платформалар шынайы сайттарға ұқсас болуы мүмкін.

Төртіншісі – инвестициялық жобалар. Бұл әдіс бағалы қағаздар мен криптовалютаға тиімді инвестициялармен сипатталады. Қаскүнемдер сайттар жасап, онда платформалар ойдан шығарылған сауда-саттық өткізеді, толықтырулар мен кірістер туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бесіншісі – What's App мессенджерінің аккаунтына заңсыз кіру. Бұл үшін алаяқтар зиянды сілтемені пайдаланады. Сосын бұл абонент таныстарына келіп түсіп, сол арқылы алаяқтар аккаунтқа өтеді. Содан кейін олар абонент атынан барлық контактіден қарызға ақша беруді сұрап, өздері ұсынған банктік шоттарға жіберуді өтінеді.

«Интернет-алаяқтықтың алдын алудағы маңызды қадам кибергигиена сақтау екенін атап өткім келеді» деген спикер мынандай кеңес берді: күмән тудыратын сілтемелерге өтпеу. Тіпті олар жақындар мен таныстардан келсе де; ешқашан және ешкімге SMS-хабарламадан кодты және банктік шоттарға қатысты басқа да дербес деректерді жібермеу; тауарларды әртүрлі интернет-алаңда сатып алғанда, сатушы ұсынатын мәліметтердің түпнұсқасына көз жеткізгенге дейін ешқашан алдын ала төлем жібермеу; деректер мен әлеуметтік желідегі аккаунтарының қауіпсіздігі үшін қиын құпия сөздерді қолдану және екі факторлы аутентификацияны қосу.

«Абонент өзінің ғана емес, айналадағы адамдардың да қаржылық сауаттылығын үнемі арттырып отыруы керек. Қажетті және пайдалы ақпаратпен бөліскен адам жақындары мен таныстарының ақшалай жинақтарын сақтауға және оларды алаяқтардың құрбаны болмауынан сақтандыруға көмектеседі» деп түйіндеді Дастан Қалиев.

№135 (4723) 12/11/2024 Сейсенбі

САРЫАРҚАДА САЛИҚАЛЫ ЖҰМЫС КӨП

Сарыарқа ауданы елорданың жүрегі іспеттес. Қаланың ескі орталығының күнделікті өмірі, аулаларды абаттандыру мен инфрақұрылымды дамытудағы маңызды өзгерістер туралы аудан әкімі Бауыржан ЕРАЛЫМЕН әңгімелескен едік.



– Біздің ауданда 354 мың адам тұрады және олардың талаптары жыл өткен сайын артып келеді. Осы себепті биыл қоғамдық және аула кеңістіктерін абаттандыруға баса назар аударылды.

Аудан аумағындағы ойын алаңдары жаңартылып, демалыс аймақтары жайластырылуда. 8 қоғамдық кеңістік қазіргі заман талабына сай қайта жөнделіп, көгалдандырылды.

Жұмыс барысында қаланың тарихи көшелері саналатын Біржан сал және Гете көшелері жаңартылды. Бұл ретте біз тротуарлар мен инфрақұрылымды жабдықтап қана қоймай, сонымен қатар табиғи әртүрлілікті сақтап, ірі ағаштар мен бұталарды отырғызып, классикалық шойын шамдарын орнаттық, орындықтар мен урналарды жабдықтадық, суды үнемдеу үшін автоматты суару жүйесін енгіздік. Сондай-ақ биыл «Жастар» театрының алдында жаңадан субұрқақ пайда болды.

Айта кету керек, ауданды қайта құру жоспарларын жүзеге асыруға тұрғындардың өздері бірлесіп атсалысады. 2019 жылдан бастап «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында аудан аумағында 143 аула мен 34 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Жалпы біздің жұмысымыз барлық жастағы адамдар үшін ыңғайлы және заманауи қалалық ортаны құруға бағытталған.

– Әкімшіліктің жұмысында тұрғындармен кездесулердің маңызы зор екені белгілі. Бұл ретте астаналықтарды қандай мәселелер мен ұсыныстар жиі мазалайды?

– «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде тұрғындармен кездесу– біз үшін қарапайым формальдылық емес, өзара іс-қимылдың және өзекті мәселелерді шешудің маңызды құралы. Біз аптасына екі рет өтетін жеке қабылдауға ерекше назар аударамыз және осы жылы мұндай 60 кездесу өтті. Бұл тұрғындардың тарапынан туындаған 489 мәселені тыңдауға мүмкіндік берді, оның 409-ы шешілді, ал қалғаны жұмыс үстінде.

Біз әсіресе мәселені шешу әкімдіктің құзыретінде болған кезде өтініштерге жедел жауап беруге тырысамыз. Қосымша қолдау қажет болған жағдайларда мәселені жан-жақты шешуді қамтамасыз ету үшін қалалық басқармаларға шығамыз. Жеке қабылдаулардан басқа, біз аппарат қызметкерлерімен бірге көшпелі кездесулер мен жаяу серуендер ұйымдастырамыз, бұл ауданның қажеттіліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жыл басынан бері тұрғындардың қатысуымен осындай 35-тен астам кездесу өтті.

Толық ашықтық үшін «Сарыарқа ауданы» жеделхатчаты тоқтаусыз жұмыс істейді, ол тұрғындар тарапынан туындаған сұрақтарды жауапты мамандарға тікелей қоюға және түрлі мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызметтердің мамандарынан жедел жауап алуға мүмкіндік береді. Жұмысты осылайша ұйымдастыру сұраныстарға жедел жауап беруге және туындаған мәселелерді тиімді шешуге, қызмет көрсету мен байланыс сапасын жақсартуға ықпал етеді. Біз тұрғындармен қай уақытта да тілдесуге дайынбыз, өйткені тек бірлескен күш-жігермен ғана ауданымызды жайлы әрі қолайлы етуге болады.

> «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде тұрғындармен кездесу– біз үшін қарапайым формальдылық емес, өзара іс-қимылдың және өзекті мәселелерді шешудің маңызды құралы. Біз аптасына екі рет өтетін жеке қабылдауға ерекше назар аударамыз және осы жылы мұндай 60 кездесу өтті. Бұл тұрғындардың тарапынан туындаған 489 мәселені тыңдауға мүмкіндік берді, оның 409-ы шешілді, ал қалғаны жұмыс үстінде

Аудан тұрғындарын мазалайтын ең өзекті мәселенің бірі – жолдарды жөндеу және жаяу жүргіншілер тротуарларын салу. Бұл бағытта биыл 15 көшеде асфальт жабыны жаңартылып, орташа жөндеу жұмысын жүргіздік. 12 мекенжай бойынша жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар жабдықталды. Мысалы, Н.Тілендиев даңғылы бойындағы ұзындығы 12 шақырым тротуар аймағы толығымен жаңартылды.

Көптеген өтініш бойынша 9 мекенжайда автотұрақтарды абаттандыру жұмысы жүргізілді. Бұл жұмыс көппәтерлі үйлердің жанында тұрақ мәселесін шешуге және тұрғындардың қозғалысын жақсартуға бағытталды.

Сондай-ақ 45 көшеде инертті материалмен толтыру жұмысы жүргізілді. Асфальт жабыны жоқ учаскелерде жолға уақытша құм төгіледі, бұл тұрғындарға аса ұнай бермейді. Дегенмен ол – қажетті шара. Себебі бұл әдіс жолдан өту мен қауіпсіздікті жақсартуға, шұңқырлардың тереңдеп кетпеуіне, сондай-ақ жол төсемінде судың жиналуын азайтуға мүмкіндік береді.

– Сіз Сарыарқа елордадағы халық көп шоғырланған ауданның бірі екенін атап өттіңіз. Қарбалас уақытта көлік кептелісі және басқа да мәселелер туындайтыны анық, олар қалай шешіледі?

– Иә, елордамыз күн сайын өсіп, қарқынды дамып келеді және жыл сайын халық саны артуда. Бұл бізге жаңа міндет жүктейді. Ауданымызда халықтың жыл сайынғы өсімі 5-8 мың адамға ұлғаюда.

Біз қалалық басқармалармен бірлесіп шешетін негізгі бағыттың бірі – көлік инфрақұрылымын жақсарту. Бұл ретте биыл тұрғындардың өтініші бойынша біз 4 жаңа бағытты қостық. Сондай-ақ қолданыстағы 7 автобус маршрутының схемасы қайта қаралды, олар ұзарды, оларды қамту аймағы кеңейді. Бұл қозғалысты одан да ыңғайлы және жылдам етті.

Коммуналдық көлікті ілгерілету мақсатында жаңа автобус желілері анықталды, бұл әр жолы жол жүру уақытын оңтайландыруға және қысқартуға көмектеседі.

Біз тұрғындар үшін көлік қызметінің сапалы және қолжетімді болуы қаншалықты маңызды екенін түсінеміз және қала ішінде қоғамдық көлікпен қатынауды одан да ыңғайлы ету бағытындағы жұмысты жалғастырамыз. Жолдар туралы айтсақ, жылы аялдамалар мәселесі өте маңызды.

2024 жылы жабық типтегі 9 аялдама салынды, аудан бойынша барлығы 71 аялдама бар. Аялдамаларды абаттандыру барысында әлеуметтік нысандардың, көпқабатты тұрғын үй кешендерінің жағдайын, сондай-ақ қала тұрғындарының сұранысын ескереміз.

> Аудан тұрғындарын мазалайтын ең өзекті мәселенің бірі – жолдарды жөндеу және жаяу жүргіншілер тротуарларын салу. Бұл бағытта биыл 15 көшеде асфальт жабыны жаңартылып, орташа жөндеу жұмысын жүргіздік. 12 мекенжай бойынша жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар жабдықталды

– Келесі өте маңызды тақырып – білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу. Ауданда жаңа мектептер салынып жатыр ма, мектепке дейінгі мекемелер, демалыс орталықтары мен аула клубтары жеткілікті ме?

– Жаңа оқу жылы қарсаңында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында біздің ауданда жобалық қуаты 2000 оқушыға шақталған 2 заманауи мектеп ашылды. Олар Бейбарыс Сұлтан көшесі, 15 және Ұлытау көшесі, 58 мекенжайында орналасқан. Бұл мектептер қолданыстағы оқу орындарының шамадан тыс жүктемесін шешіп қана қоймай, үздіксіз және сапалы білім берумен айналысады. Заманауи стандарттарға сәйкес салынған бұл мектептерде химия, биология, физика зертханалары жабдықталған, барлық сынып пен кітапхана жаңа технологиямен жабдықталған. Сонымен қатар шахмат, домбыра, хореография, волейбол, баскетбол, театр және т. б. үйірмелер жұмыс істейді.



– Сарыарқа ауданының тұрғын алаптары туралы толығырақ айтып беріңізші. Олардың саны, шекаралары, негізгі проблемалары қандай?

– Біздің ауданда 3 ірі тұрғын алап бар: Көктал-1, Көктал-2 және Агроқалашық. Оларға ерекше назар аударудың маңызды екенін түсінеміз, сондықтан біз қаланың шет аймақтары орталық аудандар сияқты өмір сүруге қолайлы болуы үшін күш жұмылдырудамыз. Мысалы, бұрын Киров атындағы совхоз деп аталған Көктал тұрғын алабын алсақ, мұнда қазір шамамен 37 мың адам тұрады. Бұл – қарқынды дамып келе жатқан аумақ және біз оның тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсарту жолында еңбек етіп келеміз. Бүгінгі таңда жолдардың 90 пайыздан астамы асфальтталған, биыл тағы 6 көшеге орташа жөндеу жүргізілді, бұл көлікпен жүрушілер қатарын едәуір арттырды. Сонымен қатар бұрын абаттандырылған 10 аулада заманауи жайлы аула кеңістігі пайда болды.

1000-нан астам адам тұратын Нұрбесік шағын ауданына (Көктал-1 тұрғын алабы) ерекше тоқталғым келеді. Мұнда 2007 жылдан бері тұрып жатқан халық 16 жылдан бері үйіне меншік иесі екенін растайтын құжат ала алмаған еді. Бұл оларды тұрғылықты жерінде тіркелуіне, өз кезегінде медицина мекемелеріне тіркеуге тұруына, балаларды балабақшалар мен мектептерге орналастыруға кедергі келтірсе, биыл барлық техникалық мәселе сәтті шешіліп, қазір құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу процесі жүріп жатыр. Олар енді ресми түрде Астананың тұрғындары атанды және 16 жылдан кейін өз үйіне тіркелу құқығына ие болды.

Агроқалашық тұрғын алабында тұрғындардың бастамасымен Юбилейная көшесі, 22 мекенжайында жаңа қоғамдық кеңістік салуды қолға алдық. Ол балаларға арналған ойын алаңдарын да, ересектерге арналған тыныш аймақтарды да қамтиды. Бұл жерде тұрғындар отбасымен демалып, бос уақытын балаларымен және немерелерімен тиімді өткізе алады. Сондай-ақ бірнеше аулада күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

– Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуде қандай жұмыс атқарылуда?

– 2023 жылы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуде елеулі қадам жасалды. Тарихи көшелерді қайта құру бойынша ауқымды жоба аясында 27 мың шаршы метр аумақты алып жатқан тротуар жөнделді, бұл инклюзивті қалалық ортаны құру жөніндегі жұмысымыздың маңызды бөлігі деуге болады. Біз тротуарларды кеңейтіп, жол жабынын ауыстырып қана қоймай, ыңғайлы пандустар мен тіректерді орнаттық, жаяу жүргіншілер өткелін жөндедік, бұл тұрғындардың қала ішінде жүруін айтарлықтай жақсартты. Биыл тұрғын алаптардағы 12 көшеде тротуар абаттандырылды, бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда. «Қорғалжын» және «Ақжайық» саябақтарында инклюзивті шағын сәулет нысандары орнатылғанын атап өткім келеді.

Тарихи көшелерді қайта жаңарту жұмысы да жалғасып жатыр. 15 мың шаршы метрден астам тротуарды жөндедік. Бұл ретте кедергісіз орта құруға баса назар аударылуда.

Екатерина ТЫЩЕНКО,
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ





КАРДИОЛОГТЫҢ БІР КҮНІ

Жүрек қызметі – адам ағзасының ең маңызды бөлігі, ағзамызға жан беріп, бойымызға қан жүгіртетін ең басты орган адам ағзасының моторы. Біз осы ретте жүрегі ауырып шұғыл келген немесе созылмалы аурулары бар науқастарды күндіз-түні қабылдап, еміне шипа, ауырғандарға дәру сыйлаған елордадағы №1 көпбейінді қалалық ауруханасының Кардиология және пульмонология бөлімшелерінен құралған терапия бөліміне соққан едік. Бөлімнің меңгерушісі – жоғары санатты кардиолог-дәрігер Бауыржан Ешмұратов.



Кардиолог – бұл жүрек-қан тамырлары ауруларының диагностикасы, емі және алдын алумен айналысатын дәрігер екенін білеміз. Бұл ретте ауруханаға келетін науқастардың қарасы қалың екенін көрдік. Бауыржан Құралұлы бөлімшені аралатып, жұмыс процесімен таныстырды. Бөлімшеде жалпы 46 адам ем алуда, оның ішінде ота алдындағы жоспарлы ем қабылдап жатқандар саны – 5 адам, отадан кейін ем алып жатқандар саны – 20.

– Кардиолог артериялық гипертензия, жүрек ақаулары (туа біткен немесе өмірде пайда болған), жүректің ишемиялық зақымдануы мен әртүрлі себептерден туындаған жүрек қыындықтармен басталған екен, бір жылдың ішінде ауру симптомдары күшейіп, кеудедегі үнемі ауырсынуға қарамастан нақты диагнозды анықтау мүмкін болмады. Марат Рүстемұлы екі рет есінен танып қалған кезекті жағдайдың нашарлауы салдарынан жедел жәрдем шақырылып, оны шұғыл түрде қабылдау бөлмесіне жеткізген. №1 ауруханының Кардиология бөлімшесінде оған жүрек тамырлары ішінара бітеледі деген диагноз қойылып, сол күні арнайы тексерулер мен ота алдындағы дайындықтардан соң ертеңіне науқасқа стендтеу операциясы сәтті жасалды, дәрігерлер адам өмірін сақтап қалды. Қысқа уақыттың ішінде науқас айтарлықтай жазылып, ауруынан айыға бастады. Енді, міне, отадан кейін екі жыл өткен соң ол жоспарлы түрде ауруханаға ем алу үшін келген. Дәрігер оның жағдайы айтарлықтай жақсарғанын және ертеңгі күнге деген сенімділік оты әлсіздігі мен стенокардияны, жүрек тамырлары мен бұлшық еттерінің зақымдануын (кардиттер), аритмия, оның ішінде: брадикардия, тахикардия мен инфаркт және тромбоздар және тромбофлебиттерді анықтап, емдейді. Күніне ондаған адам бөлімшеде ем қабылдайды, отадан кейін, отаға дейін қаралатындар да аз емес. Біздер, кардиолог-дәрігерлер қолымыздан келгенше пациенттердің жағдайын жасауға тырысамыз, – дейді Б.Ешмұратов.

> 2017 жылы «Жылдың үздік дәрігері» байқауының жеңімпазы атанған ол «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Ол халықаралық деңгейде өткен үздік кардиолог дәрігерлердің Швейцариядағы, Лондондағы семинарларына, шеберлік сағатына қатысты. Жыл сайын Нидерланды елінде өтетін кардиологтар конгресінде де болды, Мәскеуде ұйымдастырылған кардиологтарға арналған клиникалық-анатомиялық тәжірибесінен де өтті

Бөлімшеде емделіп жатқан науқастармен тілдескен едік, соның бірі – Марат Рүстемов. Кардиолог-дәрігер оны емдеу тарихымен таныстырды. Бұл пациентті емдеу іс-шаралары қайта оянғанын ерекше атап өтті. Пациент біз арқылы ақ халатты абзал жандарға айрықша алғыс айтты.

– Мен бөлімшедегі медицина қызметкерлеріне кәсібилігі мен қамқорлығы үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Кардиология бөлімінің меңгерушісі – Бауыржан Құралұлына, бөлімшедегі тілектес барлық дәрігерлерге, медициналық қызметкерлерге ерекше алғысымды айтқым келеді. Дәрігерлер менің жағдайыма ерекше көңіл бөліп, сауығып кетуіме жәрдемдесті және отадан соң күтім бойынша керек кеңестерді берді, денсаулығымның нығаюына көмектесті. Бауыржан Ешмұратов басқаратын Кардиология бөлімшесінің барлық қызметкеріне өмірге қайта келген адам ретінде айтар алғысым шексіз екенін жеткізгім келеді және ұжымға жемісті еңбек, зор денсаулық тілеймін, – дейді Марат Рүстемов.

2000 жылы Ақмола мемлекеттік медицина институтын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген Бауыржан Құралұлы ары қарай білімін терапия мамандығы бойынша интернатурада жалғастырды. Шымкент қаласындағы жоғары оқу орнында денсаулық сақтау магистрі атағын сәтті қорғады.

Алған білімін іс-тәжірибе жүзінде жұмыс барысында жүзеге асырған Бауыржан Құралұлы 2002-2003 жылдарда Астана қалалық жедел медициналық көмек қызметінде кардио-реанимациялық бригадасының дәрігері болып істейді. Одан кейін екі жылдай Президент Іс Басқармасының медициналық орталығы ауруханасында Жедел медициналық жәрдем бөлімшесінің дәрігері қызметін атқарады. Бірнеше жыл Ұлттық ғылыми-медициналық орталықта жұмыс істеген ол осы саладағы мол тәжірибені жинақтайды. 5 жылдай Астана қаласының №2 қалалық ауруханасында Интервенциялық кардиология бөлімшесінің меңгерушісі, аурухана директорының медициналық бөлім бойынша орынбасары қызметтерін атқарды. Қазір №1 көпбейінді қалалық ауруханасы терапия бөлімінің меңгерушісі.

2017 жылы «Жылдың үздік дәрігері» байқауының жеңімпазы атанған ол «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Ол халықаралық деңгейде өткен үздік кардиолог дәрігерлердің Швейцариядағы, Лондондағы семинарларына, шеберлік сағатына қатысты. Жыл сайын Нидерланды елінде өтетін кардиологтар конгресінде де болды, Мәскеуде ұйымдастырылған кардиологтарға арналған клиникалық-анатомиялық тәжірибесінен де өтті.

– Жүрек ауруларының құлақ сырғалығында диагональді қатпарлар, тістердің түсуі, қызыл иектің қабынуы, ерін түсінің өзгеруі секілді біз аңғара бермейтін белгілері де бар. Егер адамның басы ауырып, артериялық қан қысымы көтерілсе, сондай-ақ жүрек тұсында ауырсынулар пайда болса, кардиолог маманға қаралуды кейінге қалдырмағаны дұрыс. Спортпен айналысатын адамдар да үш айда бір рет кардиологтың қабылдауында болуы керек, – дейді Бауыржан Құралұлы.

– Артериялық гипертония – өлімге душар ететін жүрек-қантамыр ауруларының ішінде кең таралған сырқат. Артериялық гипертония жер бетіндегі әрбір төртінші адамда кездеседі, ал біздің елде әрбір үшінші адамда бар, – дейді ол.

«Сақтансаң, сақтайды» демекші, кардиолог жүрек ауруларының алдын алу және кез келген дәріні маман нұсқауынсыз іше бермеуді ескертеді.

– Жүрек ауруларының алдын алу үшін шылым, алкоголь сияқты зиянды әдеттерден арылыңыз. Күйзеліске бой алдырмаңыз. Ұйқыңыздың режимін қадағалаңыз, тамақтану тәртібіне көңіл бөліңіз және спорттық жаттығулармен айналысуды естен шығармаңыз. Тағы бір айта кетерім, жүрегіңіз ауырған уақытта таныстарыңыз ұсынған немесе интернеттен байқаған дәрілерді ішуге асықпаңыз. Тек дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмек арқылы ғана емделуіңіз қажет, – дейді Бауыржан Құралұлы.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



P.S: ***Жүрек-қан тамырлары дерті – өлімге апаратын қауіпті ауру. Сондықтан, мамандардың кеңестеріне құлақ асқан жөн. Бұл ретте дәрігерлік тексеруді күнделікті күйбең тірлікпен кейінге шегеріп жүре тұрамын деп қателеспеңіз. Жүрек-қан тамырлары дертінің алдын алудың жолдары мен амалдары барын ескере жүрген абзал.***

Астанада №3 қалалық емханада орналасқан «Жас толқын» жастарға арналған денсаулық орталығы – ең белсенді орталықтардың бірі. Орталық мамандары күн сайын қаланың колледж студенттерімен жұмыс істейді. Атап айтқанда, семинар, тренинг, шеберлік сабақтары, ашық есік күндері мен денсаулық фестивальдерін ұйымдастырады.

«ЖАС ТОЛҚЫН» – ҚАМҚОРЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Жыл басынан бері «Жас толқын» орталығына 2000-ға жуық адам жүгінген. Олардың көбі психологтарға барып, кеңес алған. Жалпы, 562 іс-шара ұйымдастырылып, оған 15 мыңнан астам қатысқан.

«Біз жастарға қолдау білдіруді көздейміз. Барлық қызметтер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында тегін көрсетіледі. Бұл жүйе жастарға медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек алуды қамтамасыз етеді» дейді орталық жетекшісі Динара Түсіпбекова.

Жалпы, Астанада әрбір қалалық емхана жанынан ашылған 23 жастар денсаулық орталығы 14-35 жас аралығындағы жастарға көмек көрсетіп келеді. Мұнда отбасын жоспарлау, жыныстық жолмен жұғатын түрлі аурулар туралы кеңес беріп, алкоголизм, нашақорлық, темекі шегудің алдын алу, дұрыс тамақтану, стресті жеңу, депрессия мен зорлық-зомбылыққа қарсы жұмыстар жүргізеді.

Психологтар жасөспірімдермен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, агрессияның алдын алу және стреске төзімділікті арттыру бойынша тренингтер өткізеді.

«Сондай-ақ орталықта еріктілер клубы жұмыс істейді, оған колледж және университет студенттері кіреді. Біз жастардың мейірімділік және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға тырысамыз. Олардың дені сау және бақытты болып өсіп-жетілуіне барлық жағдайды жасаймыз, – дейді орталық жетекшісі.

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

Орталықпен байланысу үшін сенім телефоны 8 (7172) 54-70-23 нөмірі бар. Бұл нөмірге қоңырау шалып, анонимді түрде психологиялық көмек алуға болады.



АНЫҚТАМАЛАР ОНЛАЙН БЕРІЛЕДІ

Қаңтар айынан бастап азаматтардың емханаға барып, кезекке тұрмауы үшін медициналық 8 құжат енді тек электронды түрде беріледі.

Атап айтқанда, Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, Медициналық анықтама, ДКК қорытындысы, ТҚ басқаруға рұқсат туралы анықтама, Санаторийлік-курорттық карта, Баланың денсаулық паспорты, Қаруға рұқсат алу және Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалар электронды форматқа көшіріледі. Бұл өз кезегінде құжаттардың заңсыз берілуіне тосқауыл болады.

Ведомство eGov Mobile мобильді қосымшасында азаматтарға өзінің жеке медициналық деректеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін «edensaulyq» бөлімі іске қосылғанын хабарлады.

МӘРТЕБЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әрбір азаматтың сапалы медициналық көмек алуын қамтамасыз ететін жүйе. Сіз өз мәртебеңізді оңай тексере аласыз.

1. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты

Ең оңай әрі сенімді жол – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты (msqory.kz) арқылы тексеру. Сайтта өз мәртебеңізді тексеруге арналған нұсқаулық мен құралдар бар.

2. Telegram-бот

Мобильді қосымшалар арқылы тексергісі келетіндер үшін @SaqtandyryBot Telegram-боты қолжетімді. Ботты ашып, қарапайым нұсқауды орындап, мәртебеңізді біле аласыз.

3. Qoldau 24/7 қосымшасы

Бұл қосымша арқылы сіз әртүрлі мемлекеттік қызметтерді онлайн ала аласыз, соның ішінде МӘМС мәртебеңізді де тексеруге болады.

№135 (4723) 12/11/2024 Сейсенбі



ӘЛЕУЖЕЛІДЕГІ ӨШПЕНДІЛІКТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Жер шары тұрғындарының 40 пайызға жуығы әлеуметтік желілерде ар-намысына тиетін іс-әрекеттерге тап болады

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ: «ҚҰР СӨЗ ДЕГЕН БОЛМАЙДЫ. ОЛ – НЕ ҚАРҒЫС, НЕ ҚҰТТЫҚТАУ, НЕ ӘСЕМДІК, НЕ ҚАСІРЕТ, НЕ ЛАС, НЕ ГҮЛ, НЕ ПӘЛЕ, НЕ АҚИҚАТ, НЕ СӘУЛЕ, НЕ ТҮНЕК»

Бауыржан Момышұлы атамыздың: «Тіл – ұлттың қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі» деген өшпейтін сөзі бар. Аталы сөздерді біз кітаптан оқып, бірақ көңілімізге тоқымайтынымыз өкінішті-ақ. Егер тоқитын болсақ, адамдардың бойында өшпенділік, жауыздық, надандық деген жағымсыз қасиеттер болмас еді. Ақпарат ғасырында күнделікті өмірімізді ұялы телефонсыз, планшетсіз, интернетсіз көзге елестету қиын. Әсіресе, әлеуметтік желілерге деген тәуелділік ой-санамызды тұсаулап алған заманда тілдің тазалығы, медиа мәдениет деген ұғымдарға немқұрайдылықпен қарайтынымыз рас. Қазіргі кезде әлеуметтік желілердегі өшпенділік геометриялық прогрессиямен ұлғайып барады. Ең қорқыныштысы – осы.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Өткенде интернетте, әлеуметтік желілерде «хит болған» әнші Мақпал Жүнісованың бейнежазбасы, қазақ тіліндегі сөздердің 70 пайызы арабтікі деген пікір айтқан имам Қабылбек Әліпбайұлының сұхбаты осыған дәлел. Қызу пікірталастар негізінен, Facebook-тегі қолданушылар арасында жүреді. Басқа әлеуметтік желілермен салыстырғанда қазір Facebook-ті тұтынушылар саны артып келеді. Биылғы статистика бойынша, жұмыр жердегі 7 млрд-тан астам халықтың 3 млрд-тан астамы күн сайын Facebook-тің контентін тұтынады. Android арқылы әлеуметтік желінің қосымшасын бір тәулікте тұтынушылардың 65 пайызы ашады екен. Қазіргі кезде БАҚ-тардың көпшілігі Facebook-те жарияланған контентті дерек көзі ретінде пайдаланады. Біздің қоғамдағы өзекті, түйткілді мәселелер осы желіде ашық көтеріліп, кеңінен талқыланып жататынын көріп жүрміз.

Енді жоғарыда сөз болған екі жазба туралы ой-пайымымызды тарқатып айтайық. Әлеуметтік желі – қоғамның айнасы. Сол айнаға қарасақ, жақсы нәрселер де бар, жаман нәрселер де бар. Өкінішке қарай, соңғысы көбейіп бара жатқаны алаңдатады.

Расул Ғамзатовтың «Құр сөз деген болмайды. Ол – не қарғыс, не құттықтау, не әсемдік, не қасірет, не лас, не гүл, не пәле, не ақиқат, не сәуле, не түнек» деген сөзі бүгінгі әлеуметтік желілердегі өшпенділікке, кибербуллингке қатысты айтылған сияқты көрінеді. Интернеттегі өшпенділік геометриялық прогрессиямен ұлғайып барады. Кибербуллингтің құрбандары сайып келгенде өздері агрессорға айналады. Қазір әлеуметтік желілердегі өшпенділіктен қоғамдағы танымал тұлғалар зардап шегеді. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, әлеуметтік желілердегі мұндай кибербуллингке медианың ықпалы зор.

ХЕЙТЕРЛЕРДІҢ ШАБУЫЛЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Біз жоғарыда Facebook-ке арнайы тоқталдық. Өйткені кибербуллингтің пайда болуы мен өршуіне белгілі бір цифрлық платформадағы ахуал әсер етеді. 2023 жылы тамызда ВКонтакте желісінде жазбалардағы өшпенділікпен жазылған пікірлерді өшіріп тастайтын нейрожелі орнатылды. Бұл – хейтерлердің қаулаған шабуылынан қорғайтын тәсіл. Бір ғана жағымсыз пікір өзі сияқты 15 адамның пікір жазып, белгілі бір тұлғаны «түтіп жеуге» негіз болатынын психолог-мамандар дәлелдеген. Еуропаның кейбір дамыған елдері желідегі өшпенділікке қарсы арнайы заң қабылдады. 2020 жылы неміс бундестагы интернеттегі қауіп-қатер, зорлық-зомбылыққа қарсы жазаны қатайтатын заң шығарды. Желідегі адамның ар-намысына тиген адамды екі жылға бас бостандығынан айыратын заң қоғамдағы кибербуллингтің азаюына ықпал етті.

Ал біздің қоғамда бұл мәселе өткір күйінде тұр. Сөзімізге дәлел ретінде нақты мысалдар келтірейін. 3 қыркүйекте блогер-депутат Мұрат Әбенов Facebook-тегі парақшасында: «Муфтий мемлекеттік мектептің ішкі тәртібіне араласпау керек. Кешегі сұхбаты қоғамда қарама-қарсы пікірлер туғызып жатыр» деген жазба жариялады. Осы жазбаға пікір білдірген 448 адамның ішінде мен де бармын. «Мұрат аға, мүфти өзінің дұрыс пікірін айтты. Ал бұрмалап жатқан сауатсыз журналистер ғой. Әсіресе орыс тілінде ақпарат тарататын әріптестеріміз дінімізді, мүфтиімізді жағымсыз жағынан қоғамға көрсеткісі келіп тұрады» деп жазған пікіріме 112 адам лүпіл басып, бірнеше адам қарсы пікірін жеткізді. Қарсы пікір жазған жандардың бірі Gulbanu Abenova: «Төлен Тілеубай как всегда не бородач ваш виноват, а журналисты» деп қатты күлген смайликті қоса салды. Мұндай іс-әрекеттен нені байқаймыз?

Біріншіден, қоғамда белгілі бір адамға, тұлғаға қатысты ойын бүркемелемей айтып, кемсітуге шақыру бар. «Ваш бородач» деген сөздің өзі оны жазып отырған адамның ішкі мәдениетін, ана тілімізге деген көзқарасын айқын көрсетіп тұр. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының сол шағын сұхбатын БАҚ әртүрлі берді. Мұрат Әбенов жазғандай, мүфтиді мектептің ішкі тәртібіне араласқысы келетін адам етіп көрсетті. Шын мәнісінде ҚМДБ-ның басшысы мектептің өз тәртібі бар, шариғаттың өз тәртібі бар дегенді түсіндіріп берді. Міне, осы жерде медиамәдениетті білмейтін, сауаты аз әріптестеріміз тұлғаны қаралауға ақпараттық себеп тауып беріп, қоғамдық пікірдің талқысына шығарды.

Өшпенділік тілі деген сөз тіркесін жиі қолданып жүрміз. Орысшаға аударсақ «ненависть» – біреуді жек көру, ал ненавистник – күншіл, қара ниетті, қызғаншақ деген мағынаны білдіреді. Қоғамдағы ұлтшыл, мемлекетшіл тұлғаларды қаралауға, күндеуге ұмтылған мұндай жазбалар интернетте де, әлеуметтік желілерде де толып жүр. Бір алаңдатарлығы, бір ғана қара ниетті адамның жариялаған өшпенділікке шақырған жазбасы қоғамда таралып, тұрақсыздыққа ықпалын тигізуі мүмкін.

РУХАНИ МЕШЕЛДІККЕ АПАРАТЫН ДЕРТ

Әнші Мақпал Жүнісованың бейнежазбасына қатысты жазылған пікірлерге үңілсек, тұлғаны қаралауға, яғни, қара ниетті жақтауға жаны құштар адамдардың көп екенін көреміз. «Алқаш болыпты, қасқа!», «Қызыңды жерге қараттың, жексұрын!», «Осыған әдет болып кеткен ба ішіп алса видео салатын, пайғамбар жасына келгенде!», «Осы түрін әдейі көрсете ме? Халық жек көреді, халқын ойламайды» деген пікірлерді оқығанда жаның түршігеді. Тілдік агрессия арқылы қаншама адам ашуызасын төкті, дөрекі көңіл-күйін жеткізді. Осылайша, қоғамда жеккөрушілік туғызып, қарапайым халық пен өнер иесінің арасына жік салғысы келгені аңғарылып тұрды.

Әлеуметтік желіде имам Қабылбек Әліпбайұлының сұқбатынан үзінді тарады. Қазақ тіліндегі сөздердің 70 пайызы арабтан, 30 пайызы орыстан кірген деген имамның пікірі қызу талқыға түсіп, желі қолданушыларының наразылығын туғызды. «Мынау не сандырақ? Қазақтың сөзі 70 пайызы арабтікі деп, қысқасы, араб дегенің ғой?! Мына имамды біреулерің тәртіпке шақырыңыздаршы. Тілімізді жоққа шығарғаны ғой. Кез келген имам аузына келгенін сөйлей берсе, не боламыз? Бұлардың жұмысын реттейтін Діни басқарма қайда қарап отыр?» деп жазды желіде Aidos Bolatov атты қолданушы.

«Дүмше молла – дінмен бірге ел бұзар, мына Қабулбек қыртты қара есекке теріс мінгізіп, елден қуып шығару керек», «Дүмше, топас, сауатсыз уағыз айтқыш молдалар лағып кетті», «Әдейі ұрынуға бастайтын қадам. Медиа мәдениетті дамытамыз десек, ең алдымен, әлеуметтік желілердегі контенттің басым бөлігін жасап отырған журналистер мен блогерлер сауатты, білімді, мәдениетті болуы тиіс.

Мәселен, осы «70 пайыз сөздер арабтікі» деген дау-дамайға қатысты белгілі журналист, жазушы Сәкен Сыбанбай мынадай ойын жариялады: «Дүниеде таза тіл болмайды. Ағылшынның өзінде роман (француз, испан, т.б.) тілдерінің ықпалы байқалады. Испанда да (байқап қалдым) бөтен сөздер өріп жүр. Баяғыда бізге сабақ берген Амантай Шәріп ағамның айтуынша, орыс тіліндегі «А» әрпінен басталатын «авось» секілді санаулы ғана славян сөзі бар, қалғаны – түркі, француз, балтық, анау-мынау екен... Содан орыс ыңғайсызданып отыр ма? «Абажурдан» бастап бәрін өзіне сіңіріп, қылғытып, «тағы қандай сөзің бар, нөміріңді айт, жалмауыз?» деп жұтынып отырған жоқ па? Айтсаң, мойындамайды. Сіз қазақ тіліндегі орыс, араб, парсы сөздерінің пайызымен алыспай, ҚАЗАҚ ТІЛІ деген өз ана тіліңізді дұрыстап меңгеріп алсаңызшы әуелі. «Привет, брат!», «да конечно, обязательно», «просто үлгермедім»... Не сөз осының бәрі? Орысша қосып сөйлейтіндерге, жазатындарға ескерту жасасам, «ой, аузымыз үйреніп кеткен ғой» деп ыржалақтап күледі-ей. Сонда... сол ауыз кімдікі? Ауызға, тілге иелік ететін БАС, МИ деген жоқ па? «Үйреніп кеткен ауызды» ауыздықтау туралы ой келмей ме екен сол басқа? Өзіміз нағыз қазақ болайық. Тілдің «таза пайызын» сақтайтын сіз бен біз емес пе? Балаларымызды соған тәрбиелейік те! Әйтпесе ертең «адарғы» мен «дөдеге» жайына қалып, «Адал... это что? А, халал? Колбаса, что ли?» деп отыратын ұрпақ келеді». Бұған алып-қосарымыз жоқ.

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
әлеуметтік ғылымдар магистрі, медиа зерттеуші

ҚАЗІР КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ АУЗЫНА КЕЛГЕН СӨЗДІ АЙТЫП-ЖАЗЫП, БАСҚАЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫНА СӨЗ-ҚАРУМЕН ҚАУІП ТӨНДІРІП, КЕЙБІР ЖАҒДАЙЛАРДА КИБЕРБУЛЛИНГ АРҚЫЛЫ ӨМІРМЕН ҚОШ АЙТЫСУЫНА СЕБЕПКЕР БОЛҒАНЫН АҢДАМАЙДЫ. BROADBAND SEARCH ЗЕРТТЕУ ҰЙЫМЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША, ЖЕР ШАРЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 40 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ АР-НАМЫСЫНА ТИЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ТАП БОЛАДЫ ЕКЕН. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ҚАРҚЫН АЛҒАН КЕЗЕҢДЕ БҰЛ ҮРДІСТІҢ ҰЛҒАЯ ТҮСЕТІНІ ДАУСЫЗ

P.S: ***«Сөзден күшті нәрсе жоқ» деген сөзді ежелгі грек драматургы Менандр айтыпты. Қазір кез келген адам аузына келген сөзді айтып-жазып, басқалардың тағдырына сөз-қарумен қауіп төндіріп, кейбір жағдайларда кибербуллинг арқылы өмірмен қош айтысуына себепкер болғанын аңдамайды. Broadband Search зерттеу ұйымының мәліметтері бойынша, жер шары тұрғындарының 40 пайызға жуығы әлеуметтік желілерде ар-намысына тиетін іс-әрекеттерге тап болады екен. Жасанды интеллект технологиялары қарқын алған кезеңде бұл үрдістің ұлғая түсетіні даусыз. Әр адам бұл мәселеге өзінің ой-зердесімен қарап, саналы түрде өзін-өзі қорғаудың жолдарын назарда ұстағаны абзал. Өйткен себебі, бұл қауіптің бұлты күннен-күнге қоюлана береді.***

МЕКТЕПТЕР ТЕЛЕФОННАН БАС ТАРТА МА?



Қазірде гаджетті балалардан ажырату мүмкін болмай келеді. Ал ұзақ уақыт ұялы телефон ұстайтын әрі ғаламтор желісіне тәуелді баланың зейіні нашарлап кететінін ешқандай ғылыми зерттеусіз-ақ аңғаруға болады. Осыған орай, оқушының сабаққа ден қоюы мақсатында Астананың бірқатар мектептерінде «Смартфонсыз мектеп» жобасы қолға алынды. Демек, енді мектептер телефонмен қоштаса ма? Аталған жоба білім сапасын арттыруға қаншалықты ықпал ете алады?

САБАҚТА СМАРТФОН ҚОЛДАНБАЙДЫ

Елордалық Білім басқармасының мәліметіне сәйкес, қала мектептерінде 2020 жылдан бастап «Смартфонсыз мектеп» жобасы мемлекеттік білім ордаларына тәжірибе ретінде енгізілді. Жоба білім сапасын арттырып, оқушылардың ойлау қабілеті мен психологиялық денсаулығына оң әсер етуге бағытталады.

– Соңғы төрт жылда «Смартфонсыз мектеп» жобасы өз нәтижесін көрсетіп, бүгінде қаладағы мемлекеттік мектептерде енген жобаға ата-аналардың 70%-ы қолдау білдірді. Қолдаушылар саны әлі де артып келеді. 2024 жылдың екінші тоқсанынан жоба жаңартылып, оған қолдау білдіретін мектептер саны 10%-ға артты. Бүгінде қаладағы 110 мемлекеттік мектептің 80%-ы осы жобаны қолдап отыр, – деп бөлісті Астана қаласының Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы.

«Смартфонсыз мектеп» жобасы бойынша оқушылардың ұялы телефондары арнайы жеке сөрелер мен ағаштан жасалған қораптарда тұрады. Бұл қораптарды оқушылар технология пәнінде өздері қолдаған жасаған.

ОҚУШЫ ТӘРТІБІ ЖАҚСАРДЫ

Биылғы оқу жылының басында телефоннан біржола бас тартқан мектептердің қатарында қалалық Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы бар. Бұл бастаманы мектеп әкімшілігі көтеріп, ата-аналар мен оқушылар бір ауыздан қолдаған. Мектеп директоры Айгүл Қашаева жобаның негізгі мақсаты – буллингке қарсы тұру деп бөлісті.

«Оқу процесі кезінде телефоннан бас тарту идеясы мектебімізде екі жыл бұрын қолға алынған еді. Оқушылардың телефондарын сабақ басталған уақытта арнайы сөрелерге салғанын түсірген мұғалімнің 30 секундтық бейнеролигі «TikTok» әлеуметтік желісіне жарияланғаны сол, қоғам тарапынан үлкен қызығушылық туғызды. Орталық Азия елдері мен алыс-жақын шетелдерден реакция күшті әсер етті.

Әлбетте, телефоннан бас тарту ең алдымен, оқушылардың өздері үшін қажет. Бұл жағдай олардың сабаққа деген ынтасын жоғалтпауына, барлық ойының басқа жаққа ауып тұрмауына ықпал етеді» деді А.Оңдағанқызы.

Мектеп директорының сөзінше, екі жылдан бері осы тәртіпке үйренген білім ошағында балалар арасында құқықбұзушылық орын алмаған.

– Қазір қоғамда кибербуллинг пен психологиялық денсаулық мәселесі ұшынып тұр. Әлеуметтік желіде, соның ішінде тез тарайтын вирустық желілердегі күмәнді ойындар мен қосымшалар болашаққа қауіп төндіріп отырғаны жасырын емес. Ұялы телефонға ұзақ уақыт тәуелділік оқушылардың біліміне ғана емес, денсаулығына, ойлау жүйесіне, психологиясына қатты әсер етіп келеді. Әрине, басында оқушылар мен ата-аналар арасынан қарсылық білдіргендер болды. Десе де, ата-аналардың басым бөлігі қолдап, бүгінгі күні оқушыларымыз оған үйреніп кетті.

Телефоннан бас тарту саясатының нақты нәтижелілігі уақыт өте келе көрінді. Негізінен, бастама оң нәтижелер бергенін байқап жүрміз: телефоннан алшақтап, кітаппен достасқан оқушылардың тұрақты мінез-құлқы қалыптасты, білім сапасы жоғарылап, жақсы жетістіктерге жетіп келеді. Дегенмен, біз толықтай шектемедік, үзіліс кезінде ата-анасына хабарласуға, асхана қызметін пайдалануға рұқсат етіледі, – деді директор.

ТЕЛЕФОННАН АЛҒАН БІЛІМ АЗЫҚ БОЛМАЙДЫ

Ал Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» мекемесі басшысының орынбасары, психолог Марал Ибрагим оқушының сабақ уақытында телефон қолдануының, жалпы телефонға тәуелді болуының салдарынан мінез-құлқы өзгеретінін айтады.

– Сабақ кезінде бала смартфонды керекті ақпарат іздеуге пайдаланады. Алайда керек нәрсесін іздеп отырып, қажетсіз сайттарға кірмейтініне кім кепіл. Үнемі смартфонның кішкентай экранына қарап отырған бала айналасында болып жатқан құбылыстарды аңғармайды. Балада болмашы затқа тез ренжу, ашулану сынды мінез-құлық пайда болады, – деді маман.

Психолог сөзінше, «Смартфонсыз мектеп» жобасының білім беру процесінде артықшылығы – балалардың өз біліміне жүгінуіне, еске сақтау қабілетін арттыруға, сондай-ақ балалар арасындағы коммуникацияны жақсартуға алып келеді.

«Бүгінгі күнгі балалардың өзара тіл табыса алмайтыны қынжылтады. Смартфонның экранына қарап, оларда біреумен сөйлесу қажеттілігі туындамайды. Ал смартфонсыз уақыт өткізетін болса, олар бір-бірімен тілдесіп, жаңа дос табады. Қосалқы құралсыз есіне сақтау қабілетіне жүгінуге мәжбүрлік есте сақтау қабілетін арттырады. Смартфондағы әлдекімнің дайын ойын қайталай салмай, өз ойларын қалыптастыруға да септігін тигізуі әбден ықтимал» деді психолог.

Білімді кітаптан емес, телефоннан алған баланың жеңіл-желпі оқығаны ертеңгі өмірлік азығы болмайтыны анық. Мұны растаған психолог Марал Ибрагим интернеттен алынған, біреулердің бұрмаланған ақпаратқа жасөспірімдердің сенуі де өте оңай дейді. Нәтижесінде бүгінде балалар алған ақпаратын тексеруді, саралауды білмейді.

Сонымен бірге, көптеген кітап оқу сайттарында жас шектеулері болмағандықтан, жасөспірімдер өз жасына сай емес әңгімелерді оқып, өзін сол әңгіменің кейіпкері ретінде елестетіп, біршама қателіктерге бой алдырып жатады. Ал бұл – депрессияға, жақындарынан оқшаулануына алып келетін алғашқы қадам.

P.S: ***Иә, смартфонға көп үңілетін буынның түрлі ойындар мен қажетсіз ақпараттың жетегіне кетіп, арты қайғылы жағдайда ұласып жатқаны азамай тұр. Осындайда мектептен бастап смартфонды шектеу, телефонға телінгеннен, оқитын ұрпақ қалыптастырудың жолы болмақ.***

АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ОҚУШЫ ЖОБАСЫ

Қоғам арасында киберқауіпсіздікті нығайту мақсатында елорданың Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Жәнібек Дулатұлы арнайы жоба жасады. Оқушының «ChatGPT» нейрожелісіне ұқсас платформасы ақпараттың дұрыс не бұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді.



Жасанды интеллект технологиясының дамуы адамдарды алдаудың жаңа тәсілдеріне жол ашты. Алаяқтар нейрондық желілерді пайдаланып, адамдардың дауысын, бейнесін, мәтіндерін көшіріп, көпшілікті оп-оңай алдап жүр. Сондай-ақ алаяқтардың банктер, тауар жеткізушілер немесе басқа да сенімді дереккөздердің атын жамылып, хаттар немесе хабарламалар жіберуі тіптен өрши түсті. Фишинг деп аталатын бұл интернет-алаяқтықтың түріне алданып, көпшіліктің қалтасындағы ақшасынан қағылып қалып жатқаны тыйылар емес.

Бұл мәселені алдын алу мақсатында елордалық оқушы Жәнібек Дулатұлының жобасы септігін тигізбек. 16 жасар білім алушы жастайынан жаңа технологиялардың кең мүмкіндіктерін игерген. Ал жобаны жасауға информатика пәні мұғалімі, жетекшісі Жанар Елубайқызы ұсыныс тастаған.

– Жоба идеясы қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – алаяқтықтың алдын қалай алсақ деген ниеттен туды. Менің жақын құрбым алаяқтықтың құрбаны болып, біраз қиындықты көрген еді. Яғни бүгінде кибербуллинг, алаяқтық, фишинг ұғымдарының өзектілігі артуда. Педагог ретінде бұл тақырыпты жоба ретінде кеңінен насихаттағым келді. Шәкіртім Жәнібекке ұсынып, ол да «жобамыз көпшілікке ұнап жатса, нұр үстіне нұр болар еді» деген пікір білдіріп, қызығушылық танытты, – деп бөлісті мұғалім.

Жаңа технологияларға жақын оқушы өзінің зейіні, дарыны және ізденістігімен бағдарлама жасауды былтырдан бастады. Жәнібектің сөзінше, жасанды интеллект жобасы киберқауіпсіздік жүйелерін дамыту үшін қолданылады.

– Жобада жасанды интеллектінің машиналық оқыту түрі пайдаланылады. Ол кибершабуылдардың түрлерін талдай отырып, жаңа қауіптерді болжай алады. Кез келген ұялы телефонға келген хаттардың фишинг болуы не болмауын анықтап береді. Осы арқылы жасанды интеллект алаяқтықтың алдын алады.

Мұндағы негізгі ақпаратты өзім түрлі сайттардан көріп, зерделедім. Хаттың фишинг екенін анықтауда «OpenAL» сайтына тіркеліп, GPT-3 API кілтін алу арқылы Python тілі (жоғары дәрежедегі бағдарламалау тілі) қолданылды, – деді жас зерттеуші.

Жобаның «Cyber News» атты қосымшасы да бар. Мұнда киберқауіпсіздікке қатысты танымдық видеолар, негізгі анықтамалар, сұрақ-жауап бөлімдері жинақталған. Мәселен, қосымшада «Фишинг ақпаратты қалай анықтаймыз?» деген сұрақ қою арқылы алаяқтықтың алдын алудағы кеңестерді білуге болады. Осылайша пайдаланушы маңызды ақпарат, қызықтырған сұраққа жауапты арнайы бот арқылы алады.

«Әзірше бұл жобаның бастамасы ғана, шәкіртіммен бірге әлі де толықтырып, жетілдіруді мақсат етпекпіз. Бүгінде бұл жоба плагиаттыққа тексеріліп, одан сәтті өтті. Енді жоба сараптама кезеңінде, одан кейін қорғау кезеңі болады. Аталған кезеңдерден өтсек, ғылыми жобалар байқауына қатысу ниетіміз бар. Алдағы уақытта жобамыз толықтай жетілсе, көпшілікке жариялаймыз деген сенімдеміз» деді жоба жетекшісі Жанар Елубайқызы.

Педагогтың айтуынша, оқушы 5-сыныптан-ақ информатикаға жақын болғандықтан, қажетті мәліметтерді бірден тауып алып жатты. Оның үстіне Жәнібекке ағасының берген тәрбиесі мен ұстазымен үнемі байланыста болуы көп әсер еткен. Жауапкершілік ала білетін және есте сақтау қабілеті дамыған дарынды оқушы бір айтылған тапсырманы мұқият орындап шығатынын жетекшісі мақтанышпен айтты.

– Жасанды интеллект қоғамның маңызды бір бөлігіне айналып бара жатыр. Түрлі салаларда кеңінен қолданысқа еніп, көпшілік оның пайдасын көруде. Өзім алдағы уақытта инженер мамандығына түсуді жоспарлап отырмын. Себебі ол – болашағы зор мамандық. Біздің әулетімізде ғылым-білімге жақын жандар бар. Оның ішінде, негізінен, білім жолына түсуіме ағамның үлесі көп дер едім. Ол – химия пәнінің мұғалімі, бәлкім, мен де ағама қарап, жаратылыстану бағытын өзіме жақын тарттым. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқу бір жағынан қызық болса, енді бірде бұл бағыттың қоғамға қосар үлесі ерекше дер едім. Мен де ең өзекті мәселе, алаяқтықтың алдын алуда өз үлесімді қосып, жасанды интеллект арқылы пайдамды тигізсем деп армандаймын, – деді оқушы.

Бетті дайындаған
Индира БЕРЖАНОВА

№135 (4723) 12/11/2024 Сейсенбі

Елорданың төрінде қала әкімдігінің және «Аманат» партиясының қолдауымен, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағы және Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның ұйымдастыруымен «Бағаналы орда – Астана» атты Астана мен Алматы қаласының арасында командалық айтыс өтті.



АСТАНАЛЫҚТАР – АЙТЫС ЖЕҢІМПАЗЫ

Шапағат ӘБДІР

Қазылар алқасының төрағасы болып, ақындарын жетелеп «Отан» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерманның өзі келді. Ал ақтаңгер ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай жүргізді.

Осылайша көшпенділердің көшпе алтыны сияқты, қарашада қайтқан құспен бірлікте Арқаның төсіне келген ақындар «Әділетті қоғам», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» ұлттық жобаларының маңызын тілге тиек етіп, ұлттық бірегейлігімізді жырға қосты.

Жылаған баласын жырмен жұбатқан Астана халқы да ақындарын сағынып-ақ қалған екен. Жұмыс күні болғанына қарамастан Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның залы лық толды. «Алатаудан арқадан, ақындарым келіпсің» деп кезінде жарықтық, Жамбыл атамыз жырлағандай, Алматы мен Астананың ақындары түскен сөз сайысының басын екі команданың ішіндегі құлдыраңдаған құлындай жеті жасар Ерсұлтан Берікболұлы мен он бір жасар Нұрахмет Азат бастап, өз командаларын жырмен таныстырғанда қалың көпшілік олардың тақылдаған таңдайына сүйсініп, жүректері исініп ақ батасын жаудырып жатты. Одан кейін бірінші болып сахнаға Алатаудың төрінен келген Нұрзат Қару мен астаналық Мұхтар Қонарбаев шығып, қыз-жігіт айтысын жасады.

Жолдармен жүріп келем баба салған,
Кезім жоқ биігімнен аласарған.
Армысың, азаттықтың астанасы,
Етпеп пе еді бұл қаланы Алаш арман.
Қазақтар, қалайсыңдар Сарыарқадан,
Сұп-сұлу астанасын сала салған.
Батпағы шыққан бетпақ атыраптан,
Бұлтқа дейін жететін қала салған,
– деп айтысты бастаған Мұхтар көрерменнің бірден көзайымына айналып, әріптесіне қарап, оның аты-жөнін әдемі әзілге қосып:

Күйеуіңнің жағдайы жақсы шығар,
Хордың қызын басқандай қойынына.
Қару-жарақ асынбай күндіз-түні,
Қару Нұрзат асылса мойнына, – деп амандасуының өзін әдемі әзілмен түйіндесе, оны жұлып алғандай әріптесі Нұрзат Қару да:

... Есі кеткен түседі екі жасқа,
Әркімнің кіре берме қойынына.
Үлкейгенде барлығын түсінесің,
Үлкендердің араласпа ойынына, – деп бірден қарымта қайтарып, елдің ішек-сілесін қатырып жастар деген аттарына жарасымды жақсы айтыс жасады.

Ал одан кейін жыр айтушылар сахнаға көтеріліп, көмейіне бұлбұл ұя салған Елмұра Жаңаберген мен Аманқос Садықов жыр айтудан өзара сайысқа түсті. Аталған айтыстың артықшылығы да сол, әр айтыстың арасында қазақтың жыр айту дәстүрі, терме орындау, күй тарту сияқты өнерлері көрсетіліп отырды. Ал ақындар түр айтыс, сүр айтыс, қайым айтыс сияқты айтыстың әртүрлі жанрын жаңғыртып, тыңдаған елдің құлақ құрышын қандырды. Мысалы, бір шумақпен қарсы жақтың өлең жолын сақтай отырып жауап беретін ерекшелікке ие қайым айтысқа шыққан Астана командасының ақыны Нартай Тілеуқұл мен Алматы командасының ақыны Ақниет Жұбанышов осы айтыс үлгісінің озық түрін көрсете алды деуге болады.

Өйткені Нартайдың әріптесіне қарата айтқан:

Сезсек де Алатаудың кешкі лебін,
Бірақ бір кемшілігін естіп едім.
Алматыда кеткенде жер сілкініп,
Келе ме Астанаға көшкілерің, – деген сөзіне ұйқасын бұзбай, өз етін өз майына қуырғандай Ақниеттің:

Жер сілкінсе үзілмес еш күдерім,
Көшем деген жанды да естімедім.
Көктемде Астананы су басқанда,
Келе ме Алматыға көшкілерің, – деп адам кірпік қаққанша, ат сүрінгенше сөз тауып айтқанына халық іштей риза болып, ду қол шапалақтап жатты. Бұдан кейін Астана командасының күйшісі Бақытжан Дүйсенғазиев пен Алматының күйшісі Дастан Қазкен қара домбыраның қасиетін айқындап, бірінің күйін бірі жалғап, өзара бақ сынасып, күй тартудағы шеберліктерін танытты. Күй өнерінен кейін астаналық Иранғайып Күзембаев пен алматылық Шұғайып Сезімхан екі жүйрік жарысқандай Түре айтыс жасаса, қазақтың күміс көмей әншілері Клара Төленбаева мен Нұржан Жанпейісов екі бұлбұл сайрағандай әсер қалдырып тыңдарманын әнімен әлдиледі. Соңғы айтысты алматылық «Асыл домбыра» иегері Қазірет Бердіхан мен астаналық «Алтын домбыра» иегері Еркебұлан Қайназаров түйіндеді. Міне, осылайша кіл жүйріктермен шын жүйріктер бас қосқан өнер майталмандарының додасы халықтың зор ықыласына бөленіп аяқталды. Ал астаналықтар командалық айтыстың жеңімпазы атанып, келесі айналымға жолдама алды. Айтыс соңында ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов пен Астана қаласы әкімдігінің ықылас гүлі тарту етілді. Сондай-ақ қатысушыларға ақшалай сыйлықтар үлестірілді.

САМБО КҮРЕСІНІҢ САҢЛАҚТАРЫ

Астана қаласындағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында спорттық және жауынгерлік самбодан сондай-ақ зағип спортшылар арасында самбодан ересектер арасындағы әлем чемпионаты өтті.

Аталған самбо бәсекесіне әлемнің 80 елінен 469 спортшы қатысты. Оның ішіндегі 28 спортшы Қазақстан құрамасында болды. Осылайша олар 31 жүлде жиынтығын сарапқа салды.

Бұл жарыстың басты ерекшелігі – әйелдер алғаш рет жауынгерлік самбодан бақ сынаса, сонымен қатар зағип (SVI1 санаты – мүлдем зағип) спортшылар да қатысты.



Жарыс нәтижесінде спорттық самбодан және жауынгерлік самбодан әлем чемпионатында Қазақстан құрама командасы 17 (3 алтын, 5 күміс, 9 қола) медальға ие болып, жалпы командалық есепте Қазақстан құрамасы 2-орынға жайғасты. Яғни жарыстың бірінші күнінің қорытындысы бойынша Спорттық самбодан +98 келіде Темірлан Көлбай алтын медаль алса, 58 келіде Армат Қабдолов қола, +80 келі салмақта Арайлым Абенова қола иеленді. Жауынгерлік самбо бойынша 64 келі салмақта Маратбек Рахметоллин, 54 келіде Құралай Қабрайқызы қола алды. Ал жарыстың екінші күні ерлер арасындағы Спорттық самбодан Есентай Имаханов 64 келі салмақта алтын, 88 келіде Еламан Қойшыбаев күміс иеленді. Әйелдер арасындағы Спорттық самбо бойынша 54 келіде Гулдана Альмуханбетова күміс, 72 келіде Шынар Абатова қола алды. Ал ерлер арасындағы Жауынгерлік самбо бойынша 71 келіде Арнур Қуатай, әйелдер арасындағы 80 келі салмақ бойынша Ұлболсын Адилова қола иеленді. Сөйтіп, жарыстың үшінші күнінің қорытындысы бойынша: Жауынгерлік самбодан +80 келі салмақта Нұрила Асанқызы алтын алса, +98 келі салмақта Талғат Жиентаев 79 келіде Бақытжан Дүйсембеков күміс алды. Ал Спорттық самбодан 71 келіде Серікбай Неғметке де күміс бұйырды. Жауынгерлік самбодан 50 келі салмақ дәрежесі бойынша Қымбат Ахмет қолаға ие болса, зағиптар санаты бойынша 98 келіде Асқар Қайыров да қолаға қол жеткізді.



Аталған турнирдің жалпы жүлде қоры 311 000 АҚШ долларын құрайды. 1-орынға – 4 000, 2-орынға – 3 000, 3-орынға – 2 000 доллар және зағиптар арасындағы чемпион 1 000 доллар ақшалай сыйлық берілді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №135

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Шапағат ӘБДІР**